

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Диалогтық стиль-мұғалім мен оқушылардың белсенді өзара әрекеттесуін қамтиды. Тақырыптарды талқылау, сұрақ-жауап және географиялық мәселелерді бірлесіп талдау материалды жақсы меңгеруге және аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Практикалық сабақтар-жергілікті жерлерге бару, зертханалық жұмыстар, карталар мен глобустармен жұмыс істеу. Олар студенттерге теориялық білімді іс жүзінде қолдануға және материалды жақсы игеруге көмектеседі.

Бірлескен жобалар-ынтымақтастық пен шығармашылық ойлауды ынталандырады. Жобалар бойынша топтарда жұмыс істеу студенттерге идеялармен алмасуға, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және тәжірибелерін байытуға көмектеседі.

Технологияны қолдану-интерактивті тақталарды, онлайн ресурстарды және географиялық қосымшаларды қамтиды. Олар оқу материалын қосымша ақпаратпен және көрнекі мысалдармен байыту арқылы оқу процесін қызықты әрі қолжетімді етеді.

Сараланған тәсіл-әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескереді. Оқытушы оқыту мен бағалау әдістерін әр студенттің білім деңгейіне және қажеттіліктеріне бейімдейді, материалды тиімді игеруді қамтамасыз етеді. Географияны оқытуда оқытудың осы әдістері мен стильдерінің әртүрлілігі қолайлы оқу ортасын қалыптастырады, оқушылардың Тәуелсіз өмір сүруге және кәсіби қызметке дайын белсенді және құзыретті азаматтар ретінде дамуына ықпал етеді.

Қорытынды:

Мектептегі Географияны оқытудағы педагогикалық қарым-қатынас әдістері мен стильдерінің әртүрлілігі оқушылардың білімін, дағдылары мен құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Интерактивті әдістер, диалогтық стиль, практикалық сабақтар, бірлескен жобалар, технологияларды пайдалану және сараланған тәсіл оқушылардың аналитикалық ойлауын, қарым-қатынас дағдыларын және шығармашылығын дамытуға ықпал ететін қолайлы оқу ортасын жасайды. Бұл әртүрлі тәсіл оқу процесін байытып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларды қазіргі әлемде сәтті бейімделуге дайындауға көмектеседі. Осылайша, Географияны оқытуда оқытудың әртүрлі әдістері мен стильдерін меңгеру әр оқушының оқу мақсаттары мен дамуына қол жеткізу үшін қажет.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Методика обучение географии в средней школе. Под редакцией А.Е. Бибик. М. Просвещение. 1982 г.
2. Методика обучения географии в средней школе под редакцией Л.М. Панчешниковой. Москва. Просвещение. 1983 г.
3. Қожамқұлова Ж.Ж. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар». Алматы, 2013.
4. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006.

ӘОЖ 372

## ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ДИОЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Оразбекова Еңлік Оралғазықызы**

*enlikorazbekova@gmail.com*

География педагогтерің даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,  
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: М.Н. Мусабаева

Диолог сөзі гректің dialogos сөзінен пайда болған. Диолог сөзінің мағынасы-жалпы сөйлесу, екі немесе одан да көп адамдардың өзара әңгімелесу ұғымын білдіреді. Жалпы бұл оқушылардың бір тақырып төңірегінде пікірлесуі. Диологқа қатысушылардың ойлары әр түрлі болады, келісу, талқылау, сұрақ-жауап, әр түрлі ойын әдістері кезінде ойдың бірдей шығуы немесе т.б. Диолог-бұл жағдаяттық-тақырыптық ортақтықпен және коммуникативтік мотивтермен біріктірілген тілдесу актісінде екі немесе одан да көп әңгімелесушілер жүйелі түрде берген ауызша айтылымдарының үйлестірілуі. Диологтік оқыту баланың ойлау қабілетін дамытудың басты жолы болып табылады. Оқушылар диологтік оқыту әдісін қолдана отырып, тақырыпты талдауды және басқалардың ойын тыңдап, өз ойымен бөлісуді үйренеді. Жалпы география сабағында диологтік оқытудың тиімді жолдарына тоқталатын болсақ, сабақ барысында мұғалім тақырыпты түсіндіріп болғаннан кейін, оқушыларға сұрақ-жауап әдісін қолданады. Сұрақ-жауап әдісі кезінде мұғалім оқушының өз ойын жеткізуін, пікірін білдіру дағдысын жаттықтырады. Сұрақ-жауап әдісі барлық пәндерде кеңінен қолданылады, дегенмен бұл әдісте сұрақты орынды қоя білу, оқушының берген жауабын дұрыс қабылдай алудың өзі мұғалімнен кәсіби шеберлікті, төзімділік пен түсінушілікті қажет етеді. Сабақ барысында мұғалім сұрақтарды тек өзі қоймай, оқушылардың бір-біріне сұрақтар қоюын қадағалау керек. Сұрақ қойған кезде де оқушылар пікірлерін білдіре алатындай етіп, сұрақ қоюды қолдануымыз шарт. Диологтік оқытуды мектептерде мұғалім мен оқушы арасында кеңінен қолданысқа енгізген кезде, оқушының сабаққа қызығушылығын арттыруға мол үлесі тиеді. Сабақ барысында оқушыларға әр түрлі дәрежедегі сұрақтар қойылады. Оқушылардың тақырыпты жақсы меңгеруі үшін мұғалімдер сұрақтардың екі түрлі дәрежедегі сұрақтарды қолданады. Төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданылады. Төмен дәрежелі сұрақтарды оқушылардан белгілі бір нақты жауап алу үшін қолданамыз. Жоғары дәрежелі сұрақтарды оқушылардың тақырыптағы ақпаратты қайта құруына, кеңінен қарастыруға, сол тақырыпты бағалап және талдауы үшін қолданамыз. [1]

География сабағында диологтік оқытудың үш түрін қолдануға болады:

1. Әңгіме-дебат
2. Топтық әңгіме
3. Зерттеушілік әңгіме.

География сабағында топтық жұмысқа бір елдің табиғат зонасын, халқының санын, сол елдің жер көлемін анықтау сұрақтары бойынша тапсырма берсек, оқушылар сол елге зерттеу жұмысын жасап, тақтаға шығып өздерінің жинаған мәліметтерін айтып, картадан сол елді көрсету арқылы сабақты айта алады. Бұл әдіс балалардың қызығушылығын арттырады сөзсіз. Тағы бір ерекше және тиімді әдістердің бірі-ойындар. Сабақ үдерісінде ойын әдістерін ойын қолдану оқушылардың алған білімін одан әрі толықтыруға, түсініктерін тереңдетуге, ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Ойынды өткізу сабақтардың тақырыптық жоспарлауына алдын ала енгізіп, ал мазмұны мәтінге сәйкес ойластырылады. Оқушылар жаңа білімді меңгеруі, іскерліктерін ұштауды ойын барысында жүзеге асырады. География пәніндегі ойындар, басқа пәндердің ойындары сияқты, дүниені танып білу жолдарының бірі болып табылады. Ойыннан білімге деген құштарлық туады. Әр түрлі ойындарды, мысалы, жұмбақтарды шешу үшін шыдамдылық пен табандылық қажет етіледі. Сондықтанда оқушылар түрлі қызық ойындарға қатыса отырып, ойынның тәртібіне саналы түрде бағынуға, адалдыққа, шыншылдыққа үйренеді. Тіпті, ойындар тапқырлық пен байқағыштықты, батылдық пен ынталылықты жетілдіріп, қарсы ойнап отырған адамдармен өз мүмкіншіліктерін, өз күшін дұрыс пайдалана білуге, жолдастық, ынтымаққа, өзара көмекке үйреніп, ұйымшылдықты қалыптастырады.

Мысалы, 6 – сыныптың сабақ барысын қарастыратын болсақ.

1. Сабақтың тақырыбы.

Пайдалы қазбаларды өндіру қоршаған ортаға қалай әсер етеді.

2. Сабақтың мақсаты.

- Пайдалы қазбаларды өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

- Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу атмосфера жағдайына қалай әсер етуін сипаттайды;

- Пайдалы қазбаларды өндіру жер қабаттарының қайсысына кері әсерін тигізетінін анықтай алады.[3]

Мен сабақта диалогтік оқыту әдісін қолданып, оқушыларға ойындар ойнатып отыру арқылы сұрақтар қойып, әңгіме – дебат ретінде ұйымдастырар едім. Тақырып төңірегінде оқушылардан қоршаған ортаның ластануына байланысты тағы да басқа қандай зиянды әрекеттерді білетіндері жайлы пікірлерімен бөлісетін боламыз.

Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады. Диалог тәсілінде сөйлеу түрі түрліше болып келеді. Сөйлеушінің хабарына қарай олар біріне-бірі қақпайлап, реплика тастап, сұрақ қойып, оған тиісті жауап алып отырады. Бірінің сөзін бірі қайталап, оны қуаттай сөйлеп, сөздер мен сөйлемдерді тұжырымдай түседі. [2]

Қ.Ушинский «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі жойылады», -деген даналығында. Мұғалім сабақты өткізу барысында тек дәстүрлі оқыту мен шектеліп қалмай, әрқашан ізденісте болып сабақтың өткізілу барысын және оқушының тақырыпқа тез бейімделуін жан-жақты қарастырып отыруы тиіс. [1]

Кембридждік оқыту тәсіліне негізделіп, құрастырылған «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» сындарлы оқытудың мақсаттары-оқушының берілген тақырыпты терең түсіну қабілетін дамыту, сабақтан алған білімдерін тек сыныпта емес, сыныптан тыс жерлерде де пайдалана білуін қамтамасыз ету деп көрсетілген. Сындарлы оқыту теориясы аясында оқушылармен диалогтік оқытудың маңызы зор. Көптеген ұстаздар, диалогті оқыту әдісін бұрыннан келе жатқан тәсіл деп қарастырады. Диалогтік тәсілдің жаңа тәсіл емес екені бәрімізге мәлім. Бірақ Кембридждік оқыту тәсілдерінде диалог тек екі адамның бір-бірімен тілдесуі емес, сонымен қатар осы тәсілде сұрақ қою техникасы, мәселені шешу жолдары барысындағы әңгімелесу де қарастырылады.

Ақын, педагог Мағжан Жұмабаев ХХ ғасырда өз еңбегінде «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады,»-деп өз еңбегінде жазып кеткен және осы сөздерін басшылыққа ала отырып, болашақта әлемдік білім беру саласында қазақстандық білім беру жоғары жетістіктерге жетеді деп сенемін деген.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Әбдікәрімұлы Б, Әлібекова М, Білім берудегі педагогикалық технологиялар – Педагогикалық ізденіс, 2012, 200-203

2. М.Б. Мырзалиев, А.Б.-П.Даниярова, Е.Ю.Ан, И.Ю.Хан, Т.С.Митрошенко, А.В.Роговой, Ж.Манатқызы, Г.П.Коптаева, Д.Б.Ешенкулова, М.Т.Сулейменова, Ж.А.Жуматаева, Д.С.Абдуллина, М.А.Усербаева Студенттік ғылым 2022 – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022 – Т.1. – 584 б.

3. Р.Ә.Қаратабанов, Л.А.Верховцева, О.А.Костюченко, В.И.Прахнау, Г.С.Бойко, С.А.Матвеева, М.Н.Мұсабаева Жаратылыстану – Алматыкітап баспасы, 1 – бөлім, 2019 – 168 бет, суретті